

Риторика

Жолмагамбетова Шырын Муратовна
«Ақмола облысы білім басқармасының
Есіл ауданы бойынша білім бөлімі
Есіл қаласының Сайлау Серіков атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

«Риторика» атты тандаулы курсының бағдарламасы жалпы білім беретін мектептердің 2-4 сыныптарына арналып жасалынды. Көмекші құрал ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып жасалды. Адамның өмірі туғаннан бастап қарым - қатынасқа негізделген-адам қоғамы осылай құрылған. Сондықтан да жеке өмірінде, оқуда, жұмыста жақсы сөйлей алатын адам үлкен табысқа жетеді. Әр адам өзінің негізгі ойын сөз арқылы жеткізе алады. Бірақ әдемі, қисынды, қызықты, сондай-ақ аудитория алдында сенімді тұра алатын адамдар саны аз. Қарым - қатынас шеберлері туылмайды, бірақ бала кезінен көпшілік алдында сөз сөйлеуде ешқандай қиындық тудырмайтын адамдар санаты бар, олар өзін адамдар тобының алдында сенімді сезінеді, олармен әңгімеге батыл кірісе алады, ұялмайды. Бұл әлеуметтік дарындылық. Әлеуметтік дарынды балалар әрқашан өздеріне назар аударады. Оларды құрдастарының арасында байқамау қиын: олар белсенділігімен, адамдарға деген қызығушылығымен, балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасау қажеттілігімен ерекшеленеді. Әлеуметтік дарындылықтың нәтижесі әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады: өз ойларын нақты, сенімді, қызықты, айқын және сенімді баяндау қабілеті.

Біз білеміз, жағада тұрып, жүзуді үйрену мүмкін емес. Суға кіріп, жаттығу керек. Сондай-ақ, көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларына және қарым-қатынас дағдыларына қатысты. "Риторика" тандаулы курсы әлеуметтік дарындылықты дамытуға мүмкіндік береді, оқушыларға тек пайдалы білім алуға ғана емес, сонымен қатар іс жүзінде сауатты, әдемі, батыл сөйлеуді дамытуға, аудитория алдында сөз сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін барлық амалдарды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Қазіргі уақытта балаларды шешендік өнерге баулудың маңызы зор. Қазақ халқы ежелгі заманнан шешендік өнерді аса құрметпен бағалаған, сондықтан бастауыш сынып оқушыларын ата-бабаларымыздай шебер сөйлеу, тілдерін дамыта түсу, балалардың үлгі-өнегесін бойларына дарыту – басты мақсат.

Оқушыларға шешендік өнер туралы мағлұматтарын тереңдетіп, оның жан – жақты тарихи екенін таныту. Танымдық ой – өрісін кеңейту сөздік қорларын молайту, өзіндік пікір айта білу қабілеттерін дамыту мақсатын көздей отырып, «Риторика» факультатив курсы ана тілі пәніне негіздей отырып, көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады.

Сағат саны: 34, аптасына 1 сағат.

«Риторика» курсының мақсаты:

1. Оқушылардың жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеу;
2. Оқушылардың рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету;
3. Балалардың кітап оқуға деген ынтасын қалыптастырып, жетілдіру.

Міндеттері:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын дамыту;
- шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуін, эмоциялық қабылдауын (кейіпкерлердің көңіл-күйіне ортақтасу, күйіну, сүйіну т.б.) қамтамасыз ету;
- оқушыларды ойын еркін жеткізу, сауатты да мәнді жаза білуді дамыту, өзіндік ой пікірін айта білуге баулу;
- оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту.

Бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі:

№	Бөлім	Сабақтардың формасы	Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері	Қорытындылау формасы
1	1 бөлім «Шешендік өнер тарихынан...»	дәстүрлі сабақ, аралас сабақ, лекция және т.б.	бейнематериалдарды, иллюстрацияларды көрсету, бақылау, ауызша әңгімелеу, өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс және т.б.	Тест
2	2 бөлім «Қазақ халқының шешендік өнері»	дәстүрлі сабақ, аралас сабақ, лекция және т.б.	бейнематериалдарды, иллюстрацияларды көрсету, бақылау, ауызша әңгімелеу, өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс және т.б.	Шығарма жазу
3	3 бөлім Практикалық сабақтар	практикалық сабақ, іскерлік ойын, тренинг, пікірталас және т.б.	бейнематериалдарды, иллюстрацияларды көрсету, тренинг, жаттығу, топтық жұмыс, ауызша әңгімелеу, өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс және т.б.	Шығармашылық топтық жұмыс

Күтілетін нәтиже:

Көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп, ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады.

Би – шешендердің сөздерін жаттап өсіп, жаңа ұғымдармен танысады.

Мақалдың немесе өлең ұйқастарын таба отырып, берілген қысқаша мәтінді өз ойымен жалғастыра білуді үйренеді.

Сөздерді мақсатқа, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап қолдана алады.

Шығармашылығын шындайды, танымдық қабілеттері дамиды, өзіндік ой қорытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге дағдыланады.

Халықтың қанатты сөздерінің мәнін, мағынасын түсініп, одан тәрбие алады.

 «Риторика» факультативтік курсының жоспары
 2-4 сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
	1 бөлім «Шешендік өнер тарихынан...»	8	
1.	«Риторика» туралы жалпы түсінік	1	
2.	Шешендік өнер-ауызша түрдегі әдеби шығармашылық	1	
3.	Ежелгі Грециядағы шешендік өнер	1	
4.	Ежелгі Римдегі шешендік	1	
5.	Аристотельдің шешендігі	1	
6.	Ресейдегі шешендік өнер	1	
7.	Түркі халқына ортақ Орхон-Енисей көне ескерткіштері	1	
8.	Әл-Фараби еңбегі	1	
9.	Тест «Шешендік өнер тарихы»		
	2 бөлім «Қазақ халқының шешендік өнері»	14	
10.	Қорқыттың нақыл сөздері	1	
11.	Майқы би, Аяз би, Жиренше шешен	1	
12.	Тұрмыс-салт жырлары	1	
13.	Мақал-мәтелдер	1	
14.	Жаңылтпаштар. Практикалық сабақ	1	
15.	Батырлар жыры мен ғашықтық жырлар	1	
16.	Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би	1	
17.	Тәуке ханның «Жеті жарғысы». Қасым хан мен Есім ханның ережелері	1	
18.	Абай қарасөздерінің өсиеті. Шәкерім өлеңдері	1	

19.	М.Жұмабаев «Батыр Баян» дастаны	1	
20.	М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді	1	
21.	Махамбет өлеңдері	1	
22.	Шығарма жазу «Қазақ халқының шешендік өнері»	1	
	3 бөлім Практикалық сабақтар	12	
23.	Шешендік арнау. Шешендік толғау. Шешендік дау	1	
24.	Тіл көрнектілігі	1	
25.	Сөздің дәлдігі-ой айқындылығы	1	
26.	Тіл тазалығы	1	
27.	Ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеу мәдениеті	1	
28.	Артикуляция және дикция. Практикум	1	
29.	Мәнерлеп сөйлеу. Практикум	1	
30.	Көпшілікпен вербальдық емес қарым-қатынас тәсілдері. Практикум	1	
31.	Монолог пен диалог. Практикум	1	
32.	Практикум «Интервью»	1	
33.	Практикум «Дипломатикалық келіссөз жүргізу»	1	
34.	Қорытынды сабақ	1	